

**ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету
станциясы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы»
ММ**

Ұжым жиналысының хаттамасы № 2

Талдықорған қ.

«26» ақпан 2026 жыл

Талдықорған қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 57 (3 қабат)

ТАҚЫРЫБЫ:

1. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қағидаларымен талаптары және жалпы денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі жөнінде.
2. Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 3 қаңтардағы № 252 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне толықтырулар енгізу туралы» Заңының негізгі талаптары жөніндегі түсіндіру жұмыстары.

ҚАТЫСҚАНДАР:

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) Талдықорған қаласы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлері, Кәсіпорын комплаенс қызметкері (*баяндаушы*).

ТЫНДАЛДЫ:

Комплаенс офицері М.Жасузаков:

Бүгінгі кездесу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және көшпелі бригадалар қызметінде адалдық қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған профилактикалық іс-шаралар аясында өткізілуде.

Жедел медициналық жәрдем фельдшерлерінің жұмысы ерекше жағдайларда жүзеге асырылады — шұғыл жағдайларда, пациенттермен және олардың туыстарымен тікелей байланыста, көбіне психологиялық шиеленіс жағдайында. Осындай жағдайларда да заңнама талаптарын және қызметтік әдеп нормаларын қатаң сақтау қажеттігін еске саламыз.

Көшпелі бригадалар қызметіндегі негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- медициналық көмек көрсеткені үшін ақшалай қаражат, сыйлықтар немесе өзге де сыйақылар алу;
- диспетчерлік қызметті айналып өтіп, белгіленген тәртіптен тыс қызмет көрсету;
- қызметтік автокөлікті және медициналық жабдықтарды жеке мақсатта пайдалану;
- жекелеген тұлғаларға негізсіз артықшылықтар беру.

Естеріңізге саламыз, жедел және шұғыл медициналық көмек медициналық көрсеткіштерге сәйкес, кезектілік тәртібімен және тегін көрсетіледі. Кез келген «алғыс» түріндегі ақшалай немесе өзге де сыйақылардан сыпайы, бірақ нақты түрде бас тарту қажет.

Пациенттер немесе олардың туыстары тарапынан қысым көрсету, ақша немесе сыйлық ұсыну, заңсыз әрекеттерді сұрау фактілері болған жағдайда:

- медициналық көмекті көрсету тәртібін түсіндіру;
- аға дәрігерге немесе басшылыққа дереу хабарлау;
- қажет болған жағдайда жағдайды тіркеу қажет.

Тіпті болмашы құқық бұзушылықтардың өзі тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін және жедел жәрдем қызметіне деген халықтың сеніміне кері әсерін тигізеді.

Біздің ортақ міндетіміз — заңдылық, әділдік және медициналық әдеп қағидаттарын басшылыққа ала отырып, ашық және кәсіби қызмет көрсету.

Екінші сұрақ бойынша: медициналық қызметкерлерді қорғау жөніндегі заңнамадағы өзгерістер туралы

Қосымша ретінде медициналық қызметкерлердің құқықтық қорғалуын күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Парламенті тарапынан енгізілген өзгерістер туралы хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі медициналық қызметкерлердің қызметтік міндеттерін атқару кезінде оларға қатысты қорқыту, күш қолдану немесе денсаулығына зиян келтіру әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін толықтырулар енгізілді.

Аталған нормалар:

- дәрігерлерге, фельдшерлерге және өзге де медицина қызметкерлеріне;
- көшпелі бригада қызметкерлеріне;
- жедел жәрдем автокөлігінің жүргізушілеріне қолданылады.

Енді қызметтік міндеттерін орындау кезінде медицина қызметкеріне немесе жедел жәрдем жүргізушісіне қатысты күш қолдану, денсаулығына зиян келтіру немесе қорқыту қоғамдық қауіпті әрекет ретінде бағаланып, қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.


Сонымен қатар, мұндай істер бойынша процессуалдық әрекеттер жедел түрде жүргізіледі, ал құқық қорғау органдары тиісті арыздар түскен жағдайда дереу шара қабылдауға міндетті.

Осыған байланысты, жанжал немесе қауіп төнген жағдайларда келесі әрекеттерді орындау қажет:

- жанжалды ушықтырмауға тырысу;
- өмірге немесе денсаулыққа қауіп төнген жағдайда диспетчерлік қызметке дереу хабарлау;
- қажет болған жағдайда полиция қызметкерлерін шақыру;
- оқиға орын алғаннан кейін міндетті түрде қызметтік баяндама жасап, құқық қорғау органдарына арыз беру.

Енгізілген өзгерістер жедел жәрдем қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және олардың кәсіби қызметін орындау кезінде құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған».


Комплаенс офицер _____



М.Жасузаков

Танысты:

Директордың м.а. _____



Эккель Ю.В.